Жаңақорған ауданы, Қожакент ауылының автомобиль жолдарын орташа жөндеу обьектілерінде жұмыстар мен материалдардың сапасына сараптама жасау жөніндегі қызметтері бойынша

Түсіндірме жазба

Жаңақорған ауданы, «Қожакент ауылдық округі әкімінің аппараты» КММ-сі Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік сатып алу туралы заңының 16-бабы 3-тармағы 25-тармақшасына сәйкес Қожакент ауылдық округіндегі Жамбыл Жабаев көшесінің автомобиль жолдарын орташа жөндеу объектілерінде жұмыстар мен материалдардың сапасына сараптама жасау жөніндегі қызметтері 2 112 750 мың теңге 95 тиын мемлекеттік сатып алу жүзеге асырғалы отыр.

Қазақстан Республикасының «Автомобиль жолдары туралы» заңының 1-бабы 13-3-тармағында – жол активтерінің сапасы ұлттық орталығы жұмыстар мен материалдардың сапасына сараптама жүргізу, жол активтерін басқару, халықаралық және республикалық маңызы бар автомобиль жолдарында жұмылдыру дайындығын ұйымдастыру жөніндегі функциялар, сондай-ақ автомобиль жолдарын орташа жөндеуге арналған техникалық құжаттамаға ведомстволық сараптама жүргізу жөніндегі функциялар жүктелген, автомобиль жолдары жөніндегі уәкілетті мемлекеттік органның қарамағындағы заңды тұлға делінген.

Осы ретте, Қожакент ауылының автомобиль жолдарын жөндеу объектілерінде жұмыстар мен материалдардың сапасына сараптама жасау жөніндегі қызметтеріне өнім беруші болып «Жол активтері сапасының ұлттық орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны айқындалған.

Қожакент ауылдық округінің әкімі **Е.Жиенхожаев**